

2016 жылы өткізілетін бірыңғай мемлекеттік сатып алулардың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 4958 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 наурызда № 5376 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 8-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы болып "Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі айқындалсын.

2. Қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер айқындалсын.

3. "Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласы
әкімінің міндетін атқарушы

А. Шәменов

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 24 ақпандағы
№ 4958 қаулысына қосымша

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

№ р/р	Атауы
1	Тауарлар:
1)	қала мектептеріне линолеум сатып алу
2	жұмыстар:
1)	Қызылорда қаласы, Жаппасбай батыр көшесіндегі № 2 тұрғын кварталының сыртқы байланыс (телефон) жүйелерін жүргізу құрылысы
3	Көрсетілетін қызметтер:
1)	Арнайы техникалардың қызметін пайдалану

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК